



6 | 15 ҚАРАША - ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТА КҮНІ



15.11.2024 ж. Жамбыл жоғары медициналық колледжінде «15 қараша-Ұлттық валюта күніне» орай мерекелік концерт өткізілді. Колледж директоры Ж.Сарыбекова қаржы саласының мамандарымен қоса колледж қызметкерлерін мерекемен

құттықтап, бастауыш кәсіподақ ұйымының атынан сыйлықтар берді.

6 | ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС; ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС;



28.11.2024 ж. Жамбыл жоғары медициналық колледжінде әдістемелік кеңестің кезекті отырысы өткізілді.

Күн тәртібінде:


1. Жамбыл жоғары медициналық колледжінде буллинг және оның алдын алу жұмыстарының жүргізілуі.

Жауапты: «Мейіргер ісі» бөлімінің меңгерушісі Қалымбетова Ж.Б.

2. «Техникалық және кәсіптік білім берудегі инклюзивті оқытудың негізгі аспектілері»

Жауапты оқытушылар: Баева А.Қ., Дидарбекова М.Қ.

3. Өртүрлі.



03.12.2024 жылы Жамбыл жоғары медициналық колледжінде педагогикалық кеңестің кезекті отырысы өткізілді.

Күн тәртібінде:

1. Әлеуметтік-экономикалық және жалпы гуманитарлық пәндер кабинеттерінің жабдықталуы.

Жауапты: әдіскер Коконбаева А.К.

2. Біліктілікті арттыру және қайта даярлау жұмысының 2024 жылдың сараптамасы мен қорытындысы.

Жауапты: Директордың оқу-өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасары Андакулова Қ.Т.

3. Өртүрлі

7 | ҮЙІРМЕ ЖҰМЫСЫ

04.12.2024 ж. Жамбыл жоғары медициналық колледжінде «Галелио» үйірмесінің ұйымдастыруымен «Жоғары жүйке қызметі, адам ағзасындағы күрделі психикалық іс-әрекеттер» тақырыбында оның ішінде «Ғаламтор, әлеуметтік желі адамның жүйке жүйесіне тигізер әсері қандай?» тақырыбында үйірме отырысы өткізілді.

Үйірме отырысының мақсаты: студенттерге ғаламтор және әлеуметтік желі адамның жүйке жүйесіне тигізер әсеріне ақпараттық коммуникациялық технологиялардың пайдасы мен зияны туралы жан-жақты ақпарат беру.

Бөлімі: «Емдеу ісі», «Мейіргер ісі»

Қатысқан топтар: 108М-9/24, 106М-9/24, 217ЕФ-9/23

Үйірме жетекшісі: Чинасилова К.О.

8 | ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамы Жамбыл облысы бойынша кәсіби даму институты ұйымдастыруымен өткен «Педагогикалық идеялар панорамасы» республикалық байқауының аймақтық кезеңінің «Денсаулық сақтау сауаттылығы (медициналық сауаттылық)» аталымында жүлделі ІІІ орын иеленгені үшін

Таңат Гульзат Берікбайқызы және Жумашев Арнат Бағланұлы Дипломмен марапатталды.

«Д. Қалматаев атындағы мемлекеттік жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ КМК ұйымдастыруымен «Медицина және білім: жаңа тәсілдер және ауқалдық зерттеулер» халықаралық қатысуымен өткен VI республикалық ғылыми-практикалық конференцияға қатысып, маңызды баяндама жасағаны үшін Стратула Руслан І дәрежелі Дипломмен марапатталды. Жетекшісі Бешли –Оғлы Хусейн Биналиевич Алғыс хатпен марапатталды.



КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ

ТӘРБИЕ САҒАТЫ

Колледж оқытушыларының желтоқсан айында өткізген тәрбие сағаттары.

01

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТРЕНИНГ; ДӘРІС

«Бақытты сырттан емес, жүрегіңнен таба біл» тақырыбында студенттерге арналған тренинг өткізілді.

02

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТУДЕНТТЕР КҮНІ

Халықаралық студенттер күніне арналған салтанатты мерекелік концерт.

03

«ЖАС ТАЛАНТ - 2024» БАЙҚАУЫ

Колледждің жаңа жұлдыздары жарыққа шықты.

04

АШЫҚ САБАҚ

Колледж оқытушыларының өткізген ашық сабақтары.

05

ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС; ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС;

Әдістемелік кеңестің кезекті отырысы. Педагогикалық кеңестің кезекті отырысы.

06

ҮЙІРМЕ ЖҰМЫСЫ

«Ғаламтор, әлеуметтік желі адамның жүйке жүйесіне тигізер әсері қандай?» тақырыбында үйірме отырысы өткізілді.

07

КОЛЛЕДЖ ЖЕТІСТІКТЕРІ

Оқытушылар мен студенттердің жетістіктері.

08

КОЛЛЕДЖ ЖЕТІСТІКТЕРІ

Оқытушылардың басылымдары.

09





1 | ТӘРБИЕ САҒАТЫ



08.11.2024 ж. Жамбыл жоғары медициналық колледжінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін орналастыру және насихаттау мақсатында «Менің елімнің рәміздері» тақырыбында 1 курс «Емдеу ісі», «Мейіргер ісі» бөлімінің студенттері арасында сурет көрмесі

өткізілді. Мақсаты: студенттерді отансүйгішке, елінің Туын, Елтаңбасын, Әнұранын қастерлеп, құрметтеуге тәрбиелеу.

Жауапты: куратор кеңесінің мүшесі Кенбаева Н.М.

06.11.2024 ж. Жамбыл жоғары медициналық колледжінің 1 курс «Мейіргер ісі» 143 ҚБ-11/24 топ студенттерімен кураторы: Нурланқызы С. «Бейімбет Майлин — әңгіменің хас шебері.» тақырыбында кураторлық тәрбие сағаты өткізілді.

Мақсаты: қазақ әдебиетінің көрнекті тұлғасы Бейімбет Майлиннің өмірі мен шығармашылығын тереңірек таныстыру. Майлиннің әдеби мұрасының ұлттық құндылықтарын түсіндіре отырып, студенттерді әдебиетке, тарихқа қызықтыру және патриоттық рухта тәрбиелеу көзделді.



11.11.2024 ж. «Мейіргер ісі» 201 топ студенттерімен Бейімбет Майлиннің 130 жылдығына орай «Ұлы жазушының мұрасы» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.

Мақсаты: студенттерге кеңес әдебиетінің аса талантты өкілдерінің бірі Бейімбет Майлиннің өмір жолы мен

шығармашылығынан мәліметтер беру. Бейімбет Майлиннің шығармаларының басты ерекшелігі-шынайы өмірдің бейнесін көрсетіп, халықтың мұнын, қуанышын, үмітін айқындау. Әсіресе, оның қазақ қоғамының әлеуметтік мәселелеріне және ұлттық болмысқа қатысты айтқан ойлары бүгінгі күнде де өз мәнін жоғалтпағандығын насихаттау.

Жауапты : топ кураторы Жантохова Г.Н.

Сондай ақ колледжіміздің оқытушылары Бейсенбек Ш.Ж., Асанова Ұ.Х., Ыбырайымжан А.А., Алиева Р.М., Тлеуқұлова А.К. Бейімбет Майлиннің 130 жылдығына орай тәрбие сағаттарын өткізді.



2 | ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТРЕНИНГ; ДӘРІС;

13.11.2024 ж. Жамбыл жоғары медициналық колледжінде психологиялық қызметтің ұйымдастыруымен «Бақытты сырттан емес, жүрегіңнен таба біл» тақырыбында студенттерге арналған тренинг өтті. Жауапты: А.Н.Оскенбаева.

14.11.2024 ж. Психологиялық қызметтің ұйымдастыруымен “Биікке өрле өмірдің ақ жолында, алға бастар өмірің өз қолыңда” тақырыбында дәріс оқылды. Дәрісте 1 курс студенттері қамтылды. Студенттер тарапынан қойылған сұрақтарға жауап беріліп, тақырыптық бейне-ролик көрсетілді.

Жауапты: К. Сүйінбекұлы



22.11.2024 ж. АИТВ/ВИЧ жұқпасы тақырыбында студенттерге дәріс оқылды. Дәрісте Иржанова Д.Н. облыстық тері-венерологиялық диспансерінің дәрігері және Досымова И.М. облыстық спид орталығының қызметкері келді. Дәрісте

студенттер тарапынан қойылған сұрақтарға жауап беріліп, кері байланыс орнатылды. Жауапты: К.Сүйінбекұлы

3 | ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТУДЕНТТЕР КҮНІ



«Студенттік өмір — көтеріңкі көңіл!»

15.11.2024 ж. ЖЖМК жатақханасында Халықаралық студенттер күніне арналған салтанатты мерекелік концерт өтті. Бұл күні белсенді студенттеріміздің еңбегі мен табандылығын ерекше атап өтіп, оларға

алғыс хаттар мен сыйлықтар

Студенттік өмір — әрдайым белсенділік пен шығармашылықтың, жаңа жетістіктер мен ауқымды жоспарлардың кезеңі. Бұл іс-шара студенттеріміздің оқу орнындағы және қоғамдық өмірдегі үлесін бағалап, олардың қажырлы еңбектерін жоғары бағалауға мүмкіндік берді. Студенттерімізге сәттілік тілейміз. Болашақтары жарқын болсын!



4 | ЖАС ТАЛАНТ-2024 БАЙҚАУЫ

«Жас талант - 2024»

Колледждің жаңа жұлдыздары жарыққа шықты!

19.11.2024ж. колледжішілік өткен «Жас талант 2024» байқауы жаңа шығармашылық күштер мен болашақ колледж жұлдыздарын танытты! Байқау төрт номинация бойынша ұйымдастырылып, әр қатысушы өз өнерімен көрермендерді таңқалдырды:

1. Вокал – дауысының күші



мен мәнерлілігімен ерекшеленген дарынды әншілер.

2. Хореография – би кимылдарымен жүректерді баурап алған үздік бишілер.

3. Мәнерлеп оқу – сөздің күшін сезіндіре алған шебер оқушылар.

4. Аспапта ойнау – музыкалық аспаптармен

жанының тереңдігін көрсеткен таланттар. Өнердің түрлі саласында өзіндік қолтаңбаларын қалдырған қатысушыларымыздың әрбір қойылымы шынайы шабыт пен құштарлыққа толы болды. Әрбір жеңімпаз тек өзіне тән ерекше қасиеттері мен қажырлы еңбегінің арқасында биік белестерді бағындырды.

Жүлдегерлерді колледжіміздің директоры Ж.Н.Сарыбекова марапат қағаздарымен құттықтап, студенттік ұйымынан бағалы сыйлықтар берілді.

Барлық қатысушыларға шығармашылық табыс тілейміз, ал жеңімпаздарды тағы да құттықтаймыз!

5 | АШЫҚ САБАҚ



11.11.2024 ж. Жамбыл жоғары медициналық колледжінде Бекмурзаева Динара Турсунбаевна «Емдеу ісі» 114 ЕФ-9/24 топ студенттерімен “Биология” пәнінен, “Жасуша органоидтарының құрылысы мен қызметтерінің ерекшеліктері” тақырыбы бойынша ашық сабақ өткізді.

Мақсаты:микроскоп арқылы көрінетін жасуша органоидтарының құрылысы мен қызметтерінің ерекшеліктерін түсіндіру арқылы студенттерге толық ақпарат берді. Студенттердің топтық, жеке және жұптық жұмыстары арқылы танымдық, білімдік деңгейін көтеру, ой белсенділігін дамыту, ұжымдаса отырып мәселелерді бірлесе шешуге, ойын түйіндеуге, шығармашылық ізденіске бағыттау, сөздік қорын, ауызша сөйлеу мәдениетін дамыту, медицинамен байланыстыра отырып, пәнге және өз мамандығына деген қызығушылықтарын арттыру.



14.11.2024 ж. №1 Жалпы кәсіптік пәндер циклдык әдістемелік комиссиясының оқытушысы Ф.Қ. Бекетаева 136 А-11/24 «Емдеу ісі» тобымен «Анатомия және физиология» пәнінен «Ас қорту жүйесінің анатомиясы мен физиологиясы» тақырыбында ашық сабақ өткізді.

Мақсаты: студенттерге ас қорыту жүйесі ағзаларының жалпы құрылыс жоспарын, қызметтерін, зерттеу әдістерін, ас қорыту сөлдерінің құрамы мен қасиеттерін, сіңірілуін, ас қорыту түтігі қабырғасының жалпы құрылысын, физиологиялық негіздерін түсіндіру. Ауыз қуысы (тіл, тіс, таңдай) жұтқыншақ, өңеш, асқазан, аш ішек, тоқ ішек, бауыр, өт қапшығы, ұйқы безі құрылысы мен қызметтерін таныстыру.

26.11.2024 ж. №3 Арнайы пәндер циклдык әдістемелік комиссиясының оқытушысы Бейсенбек Ш.Ж. 214 ЕФ-9/23 «Емдеу ісі», «Фельдшер» тобымен «Мейіргер ісі негіздері» пәнінен «Қабылдау бөлімінің құрылымы мен негізгі қызметтері» тақырыбында ашық сабақ өткізді.

Мақсаты: студенттерге қабылдау бөлімінің құрылымы, қабылдау бөлімі мейіргерінің міндеттерін түсіндіру. Қабылдау бөліміндегі пациенттердің ауруханаға түсу жолдарын: триаж жүйесі бойынша пациенттерді іріктеу және медициналық құжаттармен жұмыс жүргізуді үйрету. Пациенттерге антропометриялық өлшемдерді: дене салмағын, бой өлшемін, жүргізуді үйрету.

Сабақ жақсы деңгейде өтті.

27.11.2024 ж. №3 арнайы пәндер циклдык әдістемелік комиссиясы "Мейіргер ісінің негіздері" пәнінің оқушысы Айманбетова Н.А. 216 ЕФ-9/23 "Емдеу ісі" мамандығы, "Фельдшер" біліктілігі тобымен "Пациенттің жеке басының тазалығы" тақырыбында ашық сабақ өткізді.

Мақсаты: студенттерге пациентке күтім жасаудың түрлерін,көз, құлақ, мұрын, ауыз қуыстарын күтуді және дәрет ыдысын (судноны) беруді, ер адамның және әйел адамның жыныс мүшесін жууды үйрету.

Сабақ жақсы деңгейде өтті.

